

**Қазақстан Республикасындағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі  
2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1135 Қаулысы**

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 [қаулысын](#) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған [бағдарлама](#) бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**К. Мәсімов**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 29 қазандағы  
№ 1135 [қаулысымен](#)  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған  
бағдарлама**

**1. Бағдарлама паспорты**

<b>Атауы</b>	Қазақстан Республикасында қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама
<b>Әзірлеу үшін негіздеме</b>	Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 19-тармағы
<b>Жауапты орындаушы</b>	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
<b>Мақсат</b>	Бәсекеге қабілетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің отандық өндірісін орнықты дамыту үшін қосымша жағдайлар жасау, сондай-ақ оларды ішкі нарыққа жылжыту
<b>Міндеттер</b>	Отандық өндірісті дамыту одан әрі дамытудың жолдарын үш бағыт бойынша болжау: тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, жұмыс күші, инфрақұрылым Қажетті тауарлар мен қызметтер өндірісін құру/дамыту бойынша жобаларды іске асыру Қазақстандық қамтуды дамытудың мемлекеттік саясатын игеру тетіктерін құру және жаңа өнімді енгізу, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға қатысу және отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету арқылы жүйелеу Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық өндірушілерге сервистік қолдау көрсету Қазақстандық қамтуды қолдау үшін әзірленген нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру
<b>Іске асыру кезеңдері Нысаналы индикатор</b>	2010 - 2014 жылдар 2014 жылы жалпы сатып алу көлемінде қазақстандық қамту үлесін және қазақстандық мамандарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында тауарлар мен қызметтердің экономикалық тиімді өндірісінің мынадай деңгейін қамтамасыз ету:

### **Қаржыландыру көздері мен көлемдері**

жер қойнауын пайдаланушылар:  
тауарлар бойынша 16 %-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 85 %-ға дейін;  
жер қойнауын пайдалану жобаларына қосылған қазақстандық персонал пайызы:  
жоғары буын менеджерлері үшін кемінде 70%;  
орта буын менеджерлері, инженерлік-техникалық персонал және жұмысшы мамандықтары үшін кемінде 90%;  
мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар:  
тауарлар бойынша 60%-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 90%-ға дейін.  
ұлттық басқару холдингі, ұлттық холдингтер мен компаниялар:  
тауарлар бойынша 60%-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 90%-ға дейін.  
жүйе құраушы кәсіпорындар:  
тауарлар бойынша 60%-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 90%-ға дейін.  
Бағдарламаны қаржыландыру 2 845,6 млн.теңге көлемінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады

## **2. Кіріспе**

Қазақстандық камту - кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыруы кезінде пайдаланылатын қазақстандық тауарлардың, қызметтердің және еңбек ресурстарының құндық көріністегі үлесін білдіретін Қазақстанның технологиялық және индустриялық-инновациялық даму деңгейінің көрсеткіші.

Қазақстан экономикасының құрылымында өндіруші өнеркәсіп үлесі жыл сайын өсіп келеді, бұл оның бір жақты дамуына және Қазақстан экономикасының жалпы бәсекеге қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

Дегенмен, өндіруші өнеркәсіп экономиканың басқа секторларына қатысты кәсіпорындардың өнімі мен қызметтерінің тұтынушысы болып, осы арқылы макроэкономикалық тұрақтылықты, экономиканы жаңғыртуды және Қазақстан халқының әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал ете алар еді.

Отандық өндеуші өнеркәсібінің ішкі нарықты отандық бәсекеге қабілетті өніммен молықтыру әлеуеті бар, алайда бүгінде өндіріс көлемі және тиісінше импортталатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көлемімен салыстырғанда отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу аса көп емес.

Көптеген елдер осындай ахуалда болды және әлі де жалғасуда. Бұл елдердің азғана бөлігі айтарлықтай табыстарға қол жеткізді, айтулы үлгілер ішінде: Ұлыбританияны, Бразилияны, Норвегияны атауға болады. Жергілікті камтуды дамытудың халықаралық тәжірибесін талдау көрсетіп отырғандай, жергілікті камтуды дамыту мәселесіндегі мемлекеттік саясат негізінен мыналарға бағытталған:

Үкіметтің, жергілікті өндірушілердің, инвесторлардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру және компаниялардың жергілікті өнім мен қызметтерді сатып алуына белсенді тарту;

нарық қажеттіліктерін бірлесіп зерделеу, жер қойнауын пайдаланушылар мен сервистік компаниялардың қажеттіліктерін талдау негізінде жергілікті өндіріс пен инфрақұрылымды дамыту және экономиканың басқа салаларындағы жинақталған оң тәжірибені қолдану;

отандық өндірісті қолдау және ішкі нарықты қорғау бойынша жүйелік шараларды әзірлеу, жергілікті камтуды ұлғайту мақсатында тараптардың уәждемесі;

жергілікті камтуды дамыту бағдарламасының кезеңдері бойынша нысаналы көрсеткіштерді айқындау және оларды тұрақты бақылау;

тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

білім беру жүйесінің еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне бағдарланған тиімділігін арттыру.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, өтпелі кезең шеңберінде экономиканың қалыптасу кезеңінде (АҚШ, Бразилия, Норвегия және т.б.) шаруашылық қатынастарды тиімді мемлекеттік реттеу оң экономикалық нәтижелер әкелуі мүмкін, бұл ретте мемлекеттік саясат тек тұтынушыларға ықпал ету шараларымен шектеліп қоймай, сонымен қатар отандық өнеркәсіптің өндірістік әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Осыған байланысты Бағдарламада қазақстандық камтуды, бірінші кезекте мемлекеттік реттеу арқылы мына бағыттарда дамытуға назар аударылған;

мемлекеттік қолдау шеңберінде өнімнің жаңа түрлерін жасау және енгізу;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;

отандық өндірушілердің тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін ішкі нарыққа жылжыту үшін жағдайлар жасау;

Жергілікті қамтуды дамыту бұл мына үш: тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жергілікті өндірушілерді құру мен дамыту, кадрларды және инфрақұрылымды дамыту бағыты бойынша ұзақ мерзімді кезең-кезеңмен іске асыруға бағытталған күрделі үдеріс.

Бұдан өзге жоспарланған шаралар отандық өндірушілерге Қазақстанның Бірыңғай экономикалық кеңістігіне және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі шеңберінде ашық бәсекелестік жағдайында шаруашылық қызметіне уақтылы дайындалуына мүмкіндік береді. Өз кезегінде елдің бұл экономикалық ұйымдарға қатысуы қазақстандық кәсіпорындарға таяу келешекте көрші елдердің де, алыс шетелдердің де нарықтарына шығу мүмкіндіктерін ұсынады.

Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі шаралар мына салалық бағдарламаларда да көрсетілген:

Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған салалық **бағдарлама**;

Қазақстан Республикасында атом өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған салалық бағдарламасы;

Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған салалық бағдарлама;

Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламасы**;

Қазақстан Республикасында мұнай-газ саласын дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған салалық **бағдарламасы**;

Қазақстан Республикасында тау-кен металлургия саласын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған салалық **бағдарлама**;

Қазақстан Республикасында машина жасауды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған салалық **бағдарлама**;

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарлама**;

Қазақстан Республикасының туристік индустриясының перспективалық бағыттарын дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламасы**;

Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010 — 2014 жылдарға арналған бағдарлама;

Қазақстан Республикасында құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарлама**.

Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған **мемлекеттік бағдарламаны** іске асыру мақсатында әзірленді.

### 3. Ағымдағы жағдайды талдау

#### Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мониторингі

Қазіргі кезде қазақстандық қамту бойынша экономиканың әртүрлі секторларындағы жағдай біркелкі емес.

2009 жылдың нәтижесі бойынша ТЖҚ сатып алу көлемі мынадай көріністе болды:

Жүйе ұрушы кәсіпорындар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 366 қаулысымен бекітілген ТЖҚ сатып алуы қазақстандық қамтудың мониторингіне жататын ұйымдардың **тізбесіне** сәйкес кәсіпорындар):

тауарлар 272,2 млрд. теңгеге, оның ішінде қазақстандық тауарлар 117,6 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық тауарлар үлесі 43,2%-ды құрады;

жұмыстар 69,7 млрд. теңгеге, оның ішінде қазақстандық жеткізушілерден 57,2 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық жұмыстардың үлесі 82,1 %;

қызметтер 129,6 млрд. теңгеге, қазақстандық жеткізушілерден 113,5 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық қызметтердің үлесі 87,6 %-ды құрады.

Жер қойнауын пайдаланушылар:

тауарлар 196,1 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде қазақстандық тауарлар 20 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық тауарлар үлесі 10,7%-ды құрады;

жұмыстар 175,6 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде қазақстандық жеткізушілерден жұмыстар 140,5 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық жұмыстар үлесі 80%-ды құрады;

қызметтер 318 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде қазақстандық жеткізушілерден 248 млрд. теңгеге, қазақстандық қызметтердің үлесі 78 %-ды құрады.

Мемлекеттік органдар:

тауарлар 155,5 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде қазақстандық тауарлар 80,5 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық тауарлар үлесі 51,8%-ды құрады;

жұмыстар 265,9 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде қазақстандық жеткізушілерден жұмыстар 221,5 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық жұмыстар үлесі 83,3%-ды құрады;

қызметтер 178,6 млрд. теңгеге, оның ішінде қазақстандық жеткізушілерден 162,7 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық қызметтердің үлесі 91,1 %-ды құрады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ) құрамына кіретін кәсіпорындар:

тауарлар 580,6 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде сатып алынған қазақстандық тауарлар 365,8 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық тауарлар үлесі 63 %-ды құрады;

жұмыстар 456,4 млрд. теңгеге сатып алынған, оның ішінде қазақстандық жұмыстар 292,1 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық жұмыстар үлесі 64%-ды құрады;

қызметтер 504,5 млрд. теңгеге, оның ішінде қазақстандық жеткізушілерден 474,2 млрд. теңгеге сатып алынған, қазақстандық қызметтердің көлемі 94 %-ды құрады.

### **Қазақстандық қамтуды дамытуға әсер ететін факторларды талдау**

Экономиканың бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал ететін және кедергі жасайтын негізгі факторлар төменде келтірілген.

Күшті жақтары:

бай шикізат материалдық базасы. Әлемінде жетекші елдері ғалымдарының бағалауы бойынша Қазақстан табиғи ресурстардың қорлары жөнінде әлемде алтыншы орынды иемденеді;

қолайлы инвестициялық ахуал. 1994 жылдан бастап 2009 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде Қазақстан экономикасына 140,7 млрд. АҚШ долларынан астам инвестициялар тартылған;

транзит әлеуеті. Елдің Еуропа мен Азияның ортасында орналасуы интеграциялық үдерістерді дамытуға бірегей мүмкіндік береді.

Әлсіз жақтары:

экономика әртараптануының төмендігі. Индустрияландырудың негізі болып табылатын машина жасау саласының мемлекет экономикасындағы үлесі небары 3,2 %-ды құрайды;

экспорттың әлемдік нарық конъюнктурасына тәуелді болуының жоғарылығы. Елдің негізінен шикізаттан тұратын экспорты барынша осал әрі тұрақсыз болып табылады;

негізгі құралдар тозуының жоғары деңгейі. 2008 жылы өңдеуші өнеркәсіптегі негізгі құралдардың тозуы 40,9 %-ды құрады;

кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмендігі. 2009 жылы инновациялық өнім көлемі өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің барлық көлемінің небары 2,6 %-ын құрады.

жоғары білікті мамандардың, атап айтқанда техникалық бейінді мамандардың жеткіліксіздігі.

Мүмкіндіктер:

отандық тауарлар, жұмыстар, қызметтер өндірісі мен адам ресурстарын елеулі түрде өсіру үшін әлеуеттің болуы. Жер қойнауын пайдалану саласындағы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу көлемі жылына 30 миллиардтан астам долларды құрайды.

сауда интеграциясын ұлғайту. ЕЭК құру және ДСҰ-ға кіру;

инвестициялық шешімдер үшін орнықты және болжамды орта құру арқылы тікелей шетелдік инвестицияларды ұлғайту;

Қатерлер:

Ресей және Қытай сияқты Қазақстан Республикасымен ірі дамыған шекаралас елдерде өнеркәсіп өндірісін жедел дамыту;

ДСҰ мен БЭК-ке кіру кезінде мемлекеттік қолдау тетіктерін жоғалтып алу;

әртараптандыру деңгейін одан әрі төмендету.

Шаруашылық субъектілерінің сатып алуындағы қазақстандық қамту үлесін арттыруға ықпал ететін және оған кедергі келтіретін негізгі факторлар төменде келтірілген.

Күшті жақтары:

қазақстандық қамтуды дамыту бойынша арнайы даму ұйымдарының/институттарының болуы;

қазақстандық қамтуды дамытуды қолдау үшін әзірленген заңнамалық базаның болуы;

мамандандырылған департаменттер мен ішкі саясаттың, ірі жер қойнауын пайдаланушыларда қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі іс-шаралардың болуы.

Әлсіз жақтары:

отандық кәсіпкерлердің жер қойнауын пайдалану нарығындағы қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы хабардар болушылықтың төмендігі;

жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді әлеуетті жеткізушілер туралы хабардар болушылықтың төмендігі;

Қазақстан нарығында қажетті жергілікті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жоқтығы;

отандық тауар өндірушілерді сервистік қолдаудың мемлекеттік құралдарының жеткіліксіздігі.

Мүмкіндіктер:

жер қойнауын пайдаланушылардың қажеттіліктерін талдау негізінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жаңа өндірістерін игеру, жұмыс істеп тұрған өндірістерін дамыту;

бәсекеге қабілетті өнім өндірісі мен сервистік қызметтерді дамытуды экономикалық ынталандыру бойынша шаралар қабылдау;

жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан нарығында қызметтер көрсету үшін тартатын халықаралық сервистік компаниялармен әріптестік негізінде жер қойнауын пайдаланушыларға қажетті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жергілікті өндірісін құру.

Қатерлер:

дамыған елдерден, сондай-ақ кеден одағына қатысушы елдерден технологиялық артта қалушылықтың сақталуы мен оның ұлғаюы;

жекелеген нарықтық үдерістерге белсенді әкімшілік араласу нәтижесінде бизнес ахуалдың нашарлауы.

### **Экономиканың кадрлар қажеттілігін қамтамасыз ету**

Соңғы онжылдықта Қазақстанда еңбек нарығын дамыту мен жұмыспен қамту ішкі экономикалық даму мен экономиканы жаһандандырудың тікелей ықпалында болды. Тұрақты экономикалық өсім және онымен байланысты экономиканың құрылымдық өзгерістері (90-жылдардың соңынан бастап 2007 жылға дейін) ұлттық еңбек нарығының сыйымдылығын арттырумен және оның құрылымын өзгертумен қоса жүрді. Еңбек ресурстарына сұраныстың артуы белгілі бір шамада өндіріс көлемінің ұлғаюымен ғана емес, бұл ретте еңбек өнімділігі артуының төмен қарқыны сақталуымен және арзан еңбекті пайдалану мүмкіндіктеріне қатысты байланысты болды.

Экономикадағы құрылымдық ілгерілеулер құрылыста, саудада, қаржы саласында және мемлекеттік басқаруда жұмыс істейтін адамдар санының озық түрде өсуіне алып келді. Өнеркәсіпте, негізінен кен өндіру саласында жұмыспен қамтудың өсуі байқалды. Сонымен бірге, еңбек нарығы теңгерілмеген. Жұмыссыздар болған кезде толтырылмаған бос орындар сақталады, экономика, әсіресе техникалық және қызмет көрсететін еңбек салаларының мамандарды қажетсінуінің объективті болжамы жоқ. Жұмыс күшінің, бірінші кезекте білікті жұмысшылардың тапшылығы байқалады, ол еңбек ресурстары сапасының төмендігі мен өндіріс және оқудың нақты байланысы жоқтығына байланысты (жұмыспен қамтылған халықтың шамамен үштен бірінің кәсіптік білімі жоқ).

Білім беру және кәсіптік оқыту жүйесінде теңсіздіктердің орын алуы жалғасуда. Жоғары білімі бар мамандарды даярлау жұмысшы кәсібінің кадрларын дайындаудан асып түседі. Жоғары білімі бар жұмысшылардың үлесі 2001 жылғы 17,3 %-дан 2009 жылы 25,2 %-ға дейін өсті, сол уақытта техникалық және кәсіптік білімі бар жұмысшылардың үлесі осы мерзім ішінде тек 7,5 %-дан 9,9 %-ға дейін өсті. Тиімсіз жұмыспен қамтудың жоғары үлестік салмағы сақталуда. Экономиканың еңбекті қажетсінетін салаларында жұмыс істейтін жұмысшылардың үштен біріне жуығы, бұл 2,66 млн. адам өзін-өзі жұмыспен қамтитын халық болып табылады. Халықты жұмыспен қамтудың тиімділігін арттыру шағын және орта бизнес кәсіпорындарының өсу қарқынының әлсіздігімен кідірілуде.

Еңбек нарығы мен жұмыспен қамтуды реттеу мемлекет жүргізетін әлеуметтік-экономикалық саясаттың ажырамас құраушысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын реттеу және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етудің 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес мыналар күтіледі:

Қазақстанның 2010 - 2014 жылдарға арналған Индустрияландыру картасының жобалары бойынша салалар, өңірлер, кәсіптер және мамандықтар бөлігінде кадрлар қажеттілігін 100 %-ға қанағаттандыру; еңбек ресурстары құрамында білікті жұмысшылардың үлесін 45,9 %-ға дейін ұлғайту.

### **Қазақстандық қамтудың дамуын мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау**

Қазақстандық қамтуды дамытуға жәрдемдесу жөніндегі негізгі шаралар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы», «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының [заңдарында](#) көрініс тапқан. Аталған заңдарда жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекеттік органдардың, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» құрамына кіретін кәсіпорындардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға конкурс ұйымдастыру кезінде отандық тауардың бағасын шартты түрде азайту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 366 [қаулысымен](#) бекітілген қазақстандық қамту мониторингіне жататын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру тізбесіне сәйкес кәсіпорындар мен концессионерлер сатып алуда қазақстандық қамту үлесінің міндетті мониторингін беру жөніндегі талаптар көзделген. Бұл нормалар отандық өндірушілер үшін преференциялық тәртіптеменің негізі болып табылады.

Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде сатып алу процесінің транспаренттілігін және қазақстандық қамтудың анық мониторингін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізілді, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде

пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және оларды өндірушілердің бірыңғай тізілімінің ақпараттық жүйесі, Қазақстандық қамтудың интернет-ресурсы құрылды.

Жер қойнауын пайдаланушыларға ғана емес мемлекеттік органдарға, ұлттық холдингтер мен жүйе-құрушы компанияларға да жүргізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы есептер мен сатып алудың жылдық жоспарларын беру жөнінде талаптар бекітілген. Қазақстандық қамтуды дұрыс есептеу мақсатында ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеудің бірыңғай әдістемесі әзірленді. Қолданыстағы заңнаманың ережелеріне және қазақстандық қамтуды есептеу әдістемесіне сәйкес қазақстандық қамтуды дұрыс есептеу және талдаулар жасау үшін ақпаратпен қамтамасыз ететін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алынған және жоспарланған сатып алулар бойынша есеп-қисабының нысаны әзірленді.

Отандық өндірушіні қолдау мақсатында нормативтік құқықтық актілерде қазақстандық өндірушілердің конкурстық өтінімдерінің бағасын шартты түрде азайту көзделген.

«Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 [қаулысымен](#) мемлекеттік органдар сатып алуды жүргізу кезінде қазақстандық өндірушілерден ғана сатып алуға міндетті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің номенклатурасы бекітілді.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» [Кодекске](#) түзетулер енгізілді. Тиісінше, сатып алу процесін регламенттейтін заңнаманың ережелерін бұзғаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары ұсынылды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың ӨБК бойынша, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша шығындары жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесі сақталмаған жағдайда өтелмейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу және кадрларға қазақстандық қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін беру кезінде тауарлардағы, жұмыстар мен қызметтердегі ең аз қазақстандық қамтуды есептеу тәртібін бекітуге өкілеттіктер берілген.

## **Жергілікті қамтуды дамыту бойынша халықаралық тәжірибе**

### **Малайзия**

Малайзияда экономикалық саясаттың маңызды құралы индикативті жоспарлау болып табылады. Индикативті жоспарлар ұзақ мерзімді перспективаға (10 жылға), орта мерзімді (5 жылға) және қысқа мерзімді (1 жылға) жасалады.

Жоғары технологиялы өнім өндіруді дамытуға мүмкіндік туғызатын салық салу жүйесінің тетіктерін қолдану.

Жаңадан құрылған кәсіпорындар толығымен немесе ішінара 5-10 жыл мерзімге корпоративті салықтан босатылады (қызмет саласына байланысты); одан жоғары технологиялы өнім өндіретін кәсіпорындар толығымен босатылады; өндірісті дамытуға арналған инвестициялар және т.б. салық салуға жатпайды.

Жалпы Малайзияның салық жүйесі қарапайымдылығымен сипатталады. Онда басқа елдерде кеңінен қолданылатын көптеген салық түрлері (қосылған құн салығы, мүлікке салынатын салық және т.б.) жоқ. Ал өндірістік кәсіпорындарға берілетін елеулі салық жеңілдіктері бір жағынан әлемдік нарықта бәсекелестікті күшейту жағдайында малайзиялық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік туғызады, екінші жағынан жинақ ақша мен инвестицияларды ынталандырады.

### **Бразилия**

Бразилияда әзірленген бағдарламаның негізінде үкіметтің, операторлар мен жеткізушілердің арасында сұхбат құру жатыр. Бұл үшін байланыстың құрылымдалған жүйесі әзірленген болатын, ол жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі жоспарларды іске асыруға мүмкіндік берді. Барлық бағдарламаларды қолдау бойынша бірыңғай құрылым айқындалды және мониторинг процесі үшін жергілікті қамтуды бағалаудың бірыңғай әдістемесі жасалды. Сонымен қатар бағдарламада нысаналы көрсеткіштер мен әртүрлі уақыт кезеңіне арналған мақсаттар құру және оларды тұрақты бақылау айқындалды.

Осыған байланысты алдыңғы талдаулардың негізінде одан әрі дамыту үшін 18 сегмент айқындалды. Іріктеп алынған 18 сектор олардың бәсекеге қабілеттілік деңгейлеріне байланысты 3 топқа бөлінді. Барлық тауарлар бұрын Бразилияда өндірілмеген.

Бағдарламаның негізгі мақсаты жаңа технологияларды игеру және сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын құру болды.

Осы іс-шараларды қолдауға жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ережелер бірнеше рет түзетілді. Неғұрлым ерте концессиялық келісімдер есептіліктің оңайлатылған формуласын қоса алғанда, жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ғаламдық талаптарды қарастырды. Кейінірек қабылданған келісімдер және қосымша директивалар жеткізілім жүйесіндегі санаттарға байланысты неғұрлым сараланған мақсаттарды қамтиды. Бұл мақсаттар жеткізілім жүйесінің өнеркәсіптік бәсекеге қабілеттілігін дамытудың айқын стратегиясында және Бразилияның экономикасына нақты сапалы түсімдерді айқындайтын есептілікті ұсынудың кешенді формуласында көрініс тапты.



2003 - 2008 жылдар аралығындағы кезеңде қабылданған шаралардың арқасында бразилиялық қамту 57 %-дан 75 %-ға дейін өсті, елдің экономикасына шамамен 9,3 млрд. \$ салынды және 430 мың жұмыс орны құрылды.

### **Норвегия**

Норвегияда жергілікті қамту 60-80 %-ды құрайды. Ел 2020 жылға қарай мұнай және газ технологиясының жетекші халықаралық орталығы болуға ниетті. Ол үшін ғылымды көп қажет ететін салаға шетел инвестицияларын тарту және көмірсутектерді барлау және өндіру саласында норвегтік ноу-хау экспортын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Мемлекеттің барлық теңіз көмірсутек жобаларына 50-пайыздық қатысуы бар және бұл ретте геологиялық барлауға және қызметкерлердің үлкен штатына ірі бюджетті қажет етпей-ақ өз әріптестерінің біліміне рұқсат алады. Сонымен қатар норвег үкіметі ұлттық ғылыми-техникалық кешенді қалыптастыруға көмектескен шетелдік инвесторларды жүйелі түрде бағалады және марапаттады.

Бұл ретте салық және лицензиялық саясатқа өзгерістер енгізілуде. Геологиялық барлауға қаражат салған кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктері енгізілді. Бұл сәтсіз бұрғылау жағдайында оларға үлкен шығын алып келетін қауіп-қатерді жоя отырып, жаңа компанияларды тартады.

Норвегия ішкі стандарттардың халықаралық стандарттармен үйлесімін белсенді түрде жүзеге асырды, стандарттау және сертификаттау бойынша, оның ішінде еңбек қатынастары саласындағы (мамандықтар, разрядтар және т.б.) ірі халықаралық ұйымдар мен компанияларды тартуды салықтық және басқа да преференциялармен ынталандырды.

Норвегияның жергілікті қамту мәселесіндегі талаптарының бірі мұнай өңдеу өнеркәсібінде норвег тілін қолдану туралы ереже болып табылады.

### **Оңтүстік Корея**

Үкіметтік бағдарлама негізінде екі негізгі қағидат жатыр: экспортқа бағдар және капиталды шоғырландыру. Мемлекет басшылығы ірі компаниялар, негізінен үлкен отбасылық көпбейінді холдингтер құруды көтермелейді. Бұл кәсіпорындар орасан зор артықшылық алды. Бірінші кезекте арзан кредиттерге және кең салықтық жеңілдіктерге қол жеткізу.

Компанияларға ұсынылған артықшылыққа айырбасқа өндіріс көлемінің өсуі бойынша нақты талаптар алға қойылды.

Корей үкіметі автомобиль жасаушыларға кемінде 90% жиынтықтаушы ұлттық өндірісті пайдалануды ұсынады. Бұл шетелдік автокөлік жасаушылардың (көбінесе жапондық) өз технологияларын сатуға мәжбүр болуына, әйтпесе жиынтықтаушы өткізу нарығын толығымен жоғалтуына алып келді.

Нәтижесінде 1980 жылға дейін корей автомобильдерінің 90 %-дан астамы ұлттық жиынтықтаушылардан жиналды. Тек кейбір жоғары технологиялық түйіні шетелден әкелінді. Өндіріс көлемін арттыру бойынша міндетке де қол жеткізілді.

Қазіргі уақытта Оңтүстік Кореяда шетел маркаларын әкелуге төмен баждар қолданылады, бірақ импорттық машиналар саны аса жоғары емес. Бұл импорттық автомобиль техникасын пайдалануға жоғары салықпен және жоғары бюрократиялық тосқауылдармен түсіндіріледі.

### **Қытай**

ДСҰ бойынша міндеттемелерге сәйкес Қытай ішкі автомобиль нарығына шетелдік өндірушілердің кіруін біртіндеп кеңейтеді. Шетелдік автомобильдер мен құрамдас бөліктеріне квоталар 2005 жылға дейін 15%-ға ұлғайды, содан кейін аталған квоталар алып тасталынды. Автомобильдердің импортына квоталарды басқару Қытайда 20 жыл бойы қолданылды. Батыс сарапшыларының пікірінше квоталарды бөлу кезінде елдің автомобиль өнеркәсібін дамытуға едәуір қаражат салған автомобиль компанияларының пайдасына басымдықтардың құпия жүйесі бар.

ҚХР Үкіметі жиынтықтау индустриясында инвестициялау үлесі автомобиль өнеркәсібіндегі инвестициялаудың жалпы көлемінен 40 %-дан аз болмау керек деген шешім қабылдады. Жеңілдікті кредит беру режимі берілген жиынтықтаушы өндірісті дамыту бойынша 25 негізгі жоба айқындалды. Билік сонымен қатар халық шаруашылығының осы саласында инвесторларды күрделі қаржы жұмсалымына салынатын салықтан босатты немесе қысқартты.

Дайын импорттық машина жинақтарынан құрастыруды ұйымдастыруға жол берілген жоқ. Осы талаптарға сәйкес ҚХР үш жылдан астам жұмыс істейтін автомобиль БК елде қозғалтқыштарды және бірнеше басқа негізгі құрамдастарды қоспағанда барлық жиынтықтаушыларды шығарады.

Жергілікті қамтудың әлемдік тәжірибесінен негізгі қорытындылар Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жергілікті өндірушілерді дамыту бойынша әлемдік тәжірибені зерттеп, ұлттық өнеркәсіпті құру мен қолдаудың негізі мынадай шараларды қабылдау болды деп қорытынды шығаруға болады:

индикативті жоспарлау, жоспарларды орындау мониторингі, ішкі және сыртқы жағдайдың өзгеруін ескере отырып, түзетулер енгізу;

жоғары технологиялық өнім өндіруді дамытуға жағдай жасайтын салық салу жүйесінің тетіктерін қолдану, сондай-ақ салық жүйесін тұтас жеңілдету;

салалық көшбасшыларды жарыққа шығару;

жеңілдікті кредиттерді жоғары сапаға және еңбек өнімділігінің белгілі бір деңгейіне айырбас;

ғылыми-техникалық кешенге қаражат салатын шетелдік инвесторларды қолдау;

ҒЗТҚЖ-да мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту;

мемлекеттік стандарттардың халықаралық талаптармен үйлестіру;  
салалық ынтымақтастықтың және мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жоғары деңгейі;  
тауар импортын кедендік-тарифтік реттеу;  
инвестициялық жобаларда жергілікті қамту міндеттемелерін белгілеу.

Халықаралық тәжірибені зерделеу барысында анықталған жергілікті қамтуды дамытуды қолдау шаралары осы Бағдарламаны әзірлеу кезінде ескерілгенін атап өту қажет.

### **Мемлекеттік қолдауды ұсынудың негізгі қағидаттары**

Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты - экономиканың стратегиялық салаларын дамытудың бағдарламалық-мақсатты басымдықтарын анықтау. Экономиканың әртүрлі салаларын дамытуды талдауда айқын түсіністіктің болуы соңында жоспарлы қайтару және бұдан әрі әлеуметтік саладағы неғұрлым дамыған салалардан алынған пайданы қайта бөлу мақсатында мемлекеттік келісімшарттың негізінде бюджет қаражатын тиімді жұмсауды білдіреді.

Талдаудың негізгі міндеті қазіргі уақытта экономиканың жоғары даму деңгейіне ие салаларын анықтау, сондай-ақ мемлекет бірінші кезекте қолдау көрсетуі тиіс стратегиялық даму үшін перспективалы салаларды айқындау болып табылады.

### **Экономика салаларын дамытуға мемлекеттік қатысу басымдықтары. Мемлекеттік қолдау көрсету өлшемдері**

Тәжірибе ұлттық кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және бәсекелестерді кемсіту мақсатында экономикаға тікелей араласуды жиі жүзеге асыратынына куә. Жаңа индустриялық елдерде мемлекеттің ықпал ету факторы негізінен жанама жолмен әлемдік нарыққа бағдарлана отырып едәуір өзгерді. Ол қаржы және капитал нарықтарында бақылау орнатады, өнеркәсіпті ірі ауқымда субсидиялайды, жоғары сараланған сыртқы баждарды енгізеді, экспортты кеңінен қолдайды, ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуді ұйымдастыруға белсенді араласады, ұсақ шаруашылықтардың өндірістерін реттеуге және т.б. қатысады. Осы елдердің өнеркәсіптерінде жаңа құрылымның дамуын ынталандыруды мемлекет тұтас құралдар жүйесінің - салық жеңілдіктерінің, пайызы төмен кредиттердің, инфрақұрылымды дамытудың, сыртқы сауда іс-шараларын жүргізудің және басқалардың көмегімен жүзеге асырады.

Алайда бұл шаралар экономикасы қалыптасқан және индустриясы күшті дамыған елдер үшін анағұрлым қолайлы. Дамушы елдердің осыған ұқсас шараларды қолдануы өнеркәсіпті дамыту үшін жеткіліксіз, сондықтан бұл ұлттық индустрияны дамыған мемлекеттердің өнеркәсібімен теңсіз жағдайға қояды.

Сондықтан Қазақстанға өтпелі кезең шеңберінде ұлттық экономиканы қолдау бойынша неғұрлым протекционистік шаралар қолдану қажет.

Экономика секторларына мемлекеттік қолдау көрсеткен кезде мынадай өлшемдерді басшылыққа алу қажет:

- бәсекеге қабілеттілік, энергия тиімділігі және инновациялылық;
- жаңа жұмыс орындарын құру және еңбекшілердің біліктілігін арттыру;
- шағын және орта бизнесті дамыту;

халықты тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін кәсіпорындардың ұзақ мерзімді және тұрақты даму стратегиясының болуы.

Ресурстық- және энергия үнемдейтін технологияларды қолдану, электрониканы дамыту және оны барлық өндірістік және өндірістік емес процестерге енгізу есебінен жоғары технологиялық және өңдеу деңгейі жоғары ғылымды көп қажет ететін өнімдерді өндірумен, өндірістік базаны жаңартумен айналысатын, сондай-ақ республика (оның ішінде шет елдердің) экономикасы талап ететін және ҒЗТКЖ сапалы жүзеге асыратын отандық өндірушілерді қолдауды жүзеге асыру қажет.

Қазақстандық қамтуды дамыту ұлттық мүдделерге сүйене отырып, өнеркәсіп салаларын дамытуды ынталандыру негізінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі мемлекеттік қолдау мақсатын іске асыруға жәрдемдесетін болады.

Осы мақсатқа жету үшін қосылған құны жоғары өндірістер мен дамуы мемлекеттік араласусыз мүмкін емес елдің зияткерлік әлеуеті болуы қажет.

### **Экономиканың әртүрлі салаларында қазақстандық қамтуды дамыту перспективалары**

Басқа елдердің даму тәжірибесін талдау Қазақстан үшін инфокоммуникация, биотехнология, ғарыш саласы, жоғары дәлдікті машина жасау сияқты экономика секторларын дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның әлемдік экономикаға кірігу мәселесінің шешімі болатынын көрсетті. Қазіргі сәтте ерекше назар нанотехнологияны, биотехнологияны және роботехниканы, IT-технологияны дамытуға бөлуді талап етеді - бұл үшін мемлекеттің қаржылық және зияткерлік ресурстар бағытталуы тиіс. Осыған байланысты қызметі



инвестициялық қаржы ағындарының зияткерлік капиталға бағытын қамтамасыз ететін ғылыми-технологиялық институттарды одан әрі дамыту және жоғары оқу орындарының ғылыми зертханаларының, технологиялық парктердің, «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» және «Ғылым қоры» акционерлік қоғамының қызметінде тиімділікті арттырудың үлкен рөлі болады. Бағдарламаны іске асыру барысында қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламалары тиімді қаржыландыруға және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындауға және экономиканың нақты секторында инновацияны қолдануды қамтамасыз ететін озық технологиялар сатып алуға гранттар бөлу бағдарламаларын қолдауға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Кез келген өндірісті дамыту индустриялық базаны дамытусыз мүмкін емес, демек 2010 - 2014 жылдарға арналған ҰИИДБ бағдарламасын іске асыру одан әрі дамытудың кез келген стратегиясын жасаудың негізгі элементі болып табылады.

### **Сандық сипаттамалары негізінде неғұрлым жиі сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді талдау**

**2** және **3-қосымшаларда** Қазақстанның нарықтарында қажеттілігі маңызды болып табылатын тауарлардың үлгілері берілген. **2-қосымша** жер қойнауын пайдаланушылардың 2010 жылға арналған сатып алу жоспарларының негізінде әзірленді және сатып алуда қолайлы конъюнктура қалыптасатын және ішкі нарықта сұранысқа ие тауарлық позицияларды айқындайтын өз мақсаты бар. Акцент нақ жер қойнауын пайдалану нарығына жасалды, өйткені жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу көлемі қазақстандық қамтуды дамытуға және мониторингілеуге жататын сатып алудың жиынтық көлемінің 70 %-дан астамын құрайды. Бұл тауарлардың үлкен бөлігі Қазақстанда сол немесе басқа сапамен, көбінесе жетпейтін ассортиментте өндіріледі. Сондықтан осы тауарларды талдау негізінде технологиялық жаңғырту жүргізу кезінде мемлекеттік қаржылай қолдауға және сервистік көмекке мұқтаж кәсіпорындарды анықтауға болады.

**3-қосымшада** өндіру неғұрлым жоғары технологияны қажет ететін және іс жүзінде Қазақстан нарығында жоқ өнімдердің үлгі тізбесі берілген. Оны талдау негізінде өнімдердің жаңа түрлерін жасау мен енгізу бағыттарын анықтауға болады.

### **Қазақстандық қамтуды дамытудың негізгі проблемалары және оларды шешудің болжалды жолдары**

Бағдарламаны іске асыру барысында мынадай қосымша міндеттерді шешу қажет:

одан әрі даму жолдарын болжау;

отандық өндірісті үш бағыт бойынша: тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, жұмыс күші, инфрақұрылым;

Үкіметтің, жергілікті өндірушілердің, инвесторлардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру және жергілікті өнімдер мен қызметтерді тапсырыс берушілер - жер қойнауын пайдаланушылардың компанияларын белсенді тарту.

Бағдарламаны тиімді іске асыру мақсатында мүдделі тараптардың: мұнай-газ компанияларының, халықаралық сервистік компаниялардың, қазақстандық тауарлар мен қызметтерді өндірушілердің, Үкіметтің және үкіметтік ұйымдардың белсенді қатысуы қажет. Мүдделі тараптар жұмысының нәтижесінде жаңа өндірістерді құруға, бар өндірістерді дамытуға, қажет мамандар мен қызметкерлердің біліктілігіне, мұнай-газ жобаларын қолдаудың инфрақұрылымын және басқа да қажетті жобалар жасауға бағытталған жобаларды жасау және іске асыру жоспарланып отыр. Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі мақсатында:

Бағдарламаны іске асыру моделі: Басқарушы комитеттерді, комитеттердің құрамына, мүдделі тараптардың, Бағдарламаға қатысушылардың рөлдерін, құқықтары мен міндеттерін қоса алғанда, Бағдарламаны іске асыру моделін әзірлеу және бекіту қажет.

Басқару процесі: ұсыныстарды бастамалау, жобаларды талқылау және бекіту жобалары, Бағдарламаны іске асыру мониторингі процесі;

Бағдарламаның негізгі өндірістік көрсеткіштері (KPIs), Бағдарламаны сәтті іске асыру өлшемдері;

Бағдарламаны әкімшілік басқару - кездесулер кестесі;

облыстарды қосу: облыстарда форумдар өткізу;

Бағдарламаның коммуникациялық жоспары.

Осы мақсаттарда 2010 жылдың аяғына дейін Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен Бағдарламаны іске асыру бойынша басқару моделін, 10 стратегиялық тақырып бойынша Басқарушы және Атқарушы комитеттердің, секторалдық комитеттердің қатысушыларының болжамды құрамын келісу және бекіту, жұмыс процесін сипаттай отырып Бағдарламаға қатысушылардың жарғысын, KPI, мақсаты мен міндеттерін көрсете отырып жұмыс жоспарын бекіту жоспарланып отыр.

### **Қазақстандық қамтуды дамытуда негізгі стратегиялық проблемаларды шешу жолдарын талқылау**

**Біліктіліктер:**

кәсіби біліктілік: кадрларға қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қажеттіліктерді зерделеу жолымен қажетті жергілікті кадрлар даярлау мақсатында Ұлттық кәсіби біліктілік Жоспарын құру, басымдықтарды айқындау және кен орындарын әзірлеу жоспарларының негізінде ұлттық кадрларды даярлау бойынша бағдарламалар жасау;

өнеркәсіптік біліктілік және өндірісті дайындау: ірі халықаралық сервистік компаниялармен (мұнай-газ жабдығын, металды, композиттерді және материалдарды өндірушілермен), Қазақстанда өндірістер құру бойынша экономикалық орындылықты және мүмкіндіктерді айқындау мақсатында талқылау жүргізу; жер қойнауын пайдалану жобаларын (оффшорлық мұнай операцияларын) қолдау үшін цехтар мен инфрақұрылымдар құру үшін халықаралық форумдар/миссьюнар жүргізу.

#### **Технологиялық дамыту:**

ҚР жер қойнауын пайдаланушылар жобаларын қолдау үшін ҚР жабдықтар өндіру және кен орындарын әзірлеу технологияларын дамыту басым бағыттарын айқындай отырып салааралық ғылыми-технологиялық жоспар;

Тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі қазақстандық қамту үлесін арттыру үшін отындық кәсіпорындардың технологиялық аудиті нәтижесінің негізінде жаңа технологияларға (сұраныс) өнеркәсіптің мұқтаждығы тізбесін қалыптастыру;

Жаңа технологиялар мен әзірлемелер (ұсыныстар) туралы ақпаратқа қол жеткізуді, оның ішінде технологиялар трансферті қазақстандық желісін дамыту арқылы қамтамасыз ету.

#### **Инновациялық инфрақұрылымды (индустриялық саясатты) дамыту:**

Қаржыландыру: мемлекеттік қорлардың тауарлар мен қызметтерді қазақстандық өндірушілерді қаржыландыру бойынша қызметін талдау. Жеке акционерлік қорларды құру, дамыту;

заңнаманы жақсарту;

салықтық саясат: еркін экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтар шеңберінде мұнай-газ индустриясы үшін тауарлар мен қызметтерді қазақстандық өндірушілер үшін салықтық преференциялар, инновациялық кәсіпорындар үшін преференциялар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

шағын және орта бизнесті қолдау: ел өңірлерінде шағын және орта бизнесті дамыту бойынша бағдарламалар жасау және жер қойнауын пайдалану жобалары үшін түпкілікті тауарлар мен қызметтерді жасау мақсатында оларды ықпалдастыру; компанияларды жер қойнауын пайдаланушылар компанияларының жеткізушілері тізіліміне қосу.

#### **Өнеркәсіптік өндіріс:**

Бәсекеге қабілеттілік: қажетті тауарлар мен қызметтердің негізгі санаттары бойынша сұраныс пен ұсыныстарды талдау; өндірістің негізгі сегменттері бойынша бәсекеге қабілеттілікті зерделеу;

Тұрақты дамыту: халықаралық нарықтарға шығу бойынша тауарлар мен қызметтерді қазақстандық өндірушілерді қолдау; тауарлар мен қызметтерді Қазақстандық өндірушілердің қазақстандық инвесторлардың халықаралық жобаларына қатысуын қолдау;

денсаулықты, қауіпсіздік техникасын қорғау және қоршаған ортаны қорғау: жер қойнауын пайдалану жобаларында және ҚР-да тауарлар мен қызметтерді өндіруде денсаулықты, қауіпсіздік техникасын қорғау және қоршаған ортаны қорғау жоғары стандарттарын қолдау мен дамыту.

### **Жер қойнауын пайдалану жобаларындағы сұраныс пен ұсыныстарды талдау және қажетті тауарлар мен қызметтерді дамыту**

Жер қойнауын пайдалану жобаларындағы сұраныс пен ұсыныстарды талдау және қажетті тауарлар мен қызметтерді дамыту бойынша іс-шаралар төрт кезеңде өтетін болады.

Жер қойнауын пайдалану жобаларындағы сұраныс пен ұсыныстарды талдау:

Қазақстан Республикасында және тиісті құрылыс, жер қойнауын пайдалану жобалары (ірі және орташа) бойынша деректер жинау;

негізгі үш бағыт бойынша жоспарланатын мерзімдерді есепке ала отырып жер қойнауын пайдалану жобаларына қажетті тауарлар мен қызметтерге мұқтаждық кестесін жасау мақсатында жер қойнауын пайдаланудың ірі жобалары бойынша деректерді талдау: 1) тауарлар мен қызметтер; 2) кадрлар; 3) инфрақұрылым;

барлық жобалар бойынша деректерді талдауды шоғырландыру және тауарлар мен қызметтерді өндірудің Қазақстандық нарығының мүмкіндіктерімен және әлеуетімен салыстыру;

үш бағыт бойынша даму үшін стратегиялық маңызды бағыттарды айқындау: тауарлар мен қызметтер, кадрлар, инфрақұрылым.

#### **Қажетті тауарлар мен қызметтерді өндіруді жасау/дамыту бойынша жобаларды іске асыру**

2011 жылы тауарлар мен қызметтер бойынша мыналар ұсынылады:

жергілікті нарықта жасау/дамыту үшін әлеуетті компанияларды айқындау;

осы тауарлар мен қызметтерді жергілікті дамыту үшін әлеуетті компанияларды дамыту;

осы тауарлар мен қызметтерді жергілікті өндіруді дамыту үшін әлеуетті компанияларды айқындау;  
қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту бойынша ұсыныс;  
жер қойнауын пайдаланушылар нарығы үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді өндіру бойынша жобаларды әзірлеу және іске асыру.

Кадрлар:

Жер қойнауын пайдалану бойынша жобаларды қолдау үшін қажетті кадрларды дамыту жөнінде бағдарлама әзірлеу мен іске асыру:

жер қойнауын пайдалану жобаларын және Қазақстанның көші-қон саясатына үрдістерді енгізудің кезектілігін есепке ала отырып қызметкерлердің сапалық және сандық құрамын талдау;

өңірлер бойынша қажетті білім беру курстарын жоспарлау, қажетті қаржыландыруды есептеу, білім беру және ғылыми салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жолға қоюға жәрдемдесу;

білім беру мекемелерін таңдау;

білім беру бағдарламаларын құрылымдау.

Қажетті инфрақұрылымдарды, инфрақұрылым: жер қойнауын пайдалану бойынша өндірістік цехтарды құру бойынша жобаларды талдау және әзірлеу.

2012 жылы - Өңірлер бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру.

2013 жыл - Негізгі өндірістік санаттар бойынша бәсекеге қабілеттілікті зерделеу.

Жер қойнауын пайдаланушы компанияларды тауарлармен және қызметтермен жабдықтайтын Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы өндірістің негізгі санаттарын таңдау.

Өртүрлі санаттар бойынша бәсекеге қабілеттілікті зерделеу:

өртүрлі санаттар бойынша сатып алуда жергілікті қамту деңгейінің есебі;

деректерді жинау және өндірістердің (инфрақұрылымдық, білім беру бағдарламалары, технологиялар трансфертін іске асыру бойынша бағдарламалар) бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және іске асыру үшін өндірістердің әлсіз жақтарын зерделеу.

2014 жыл - Жергілікті өндірістің бәсекеге қабілеттілігін дамыту бойынша жоспар әзірлеу және іске асыру;

Бәсекеге қабілеттілікті зерделеу нәтижелері бойынша өндірістік санаттарды бәсекеге қабілеттілігі жоғары, орташа және төмен өндіріске бөлу.

Мыналар бойынша мұнай-газ компанияларының жоспарланған сұранысына негізделген бастамалар жоспарын әзірлеу:

бәсекеге қабілеттілігі жоғары (әлеуетті сұраныс болған кезде), оның ішінде тауарлар мен қызметтердің халықаралық нарықтарындағы өндірістің қуаттылығын ұлғайту;

бәсекеге қабілеттілігі орташа өндірістерді дамыту;

Қазақстан Республикасында жаңа өндірістер құру;

Қазақстандық және шетелдік компаниялар арасында бірлескен кәсіпорындар құруға жәрдемдесу;

шетелдік сервистік компаниялар өндірістерін құруға жәрдемдесу.

### **Жаңа өнімді игеру және енгізу, қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға қатысу және отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету тетіктерін жасау арқылы қазақстандық қамтуды дамытудың мемлекеттік саясатын жүйелендіру**

#### **Әлемдік стандарттар деңгейінде меншікті инжинирингтік базаның болмауы**

Бүгінгі күні елде іс жүзінде әлемдік деңгейде қызметтер ұсынуға қабілетті инжинирингтік компаниялар жоқ. Талдамалық зерттеуден, жоба алдындағы жұмыстардан, техникалық-экономикалық негіздемелерден және жұмыс жобалауы кезеңінен бастап техникалық сүйемелдеумен және барлық ірі жобаларды іс жүзінде қабылдаумен аяқтайтын болсақ оларға Қазақстан Республикасында шетелдік компаниялар қызмет көрсетеді.

Шешу жолдары: Осыған байланысты 2011 - 2013 жылдары конструкторлық бюро, коммерциализациялау орталықтары және т.б: құрумен қатар жетекші әлемдік әріптестердің қатысуымен салалық жобалық-консалтингтік компаниялар құру көзделеді. Осындай жұмыс химия өнеркәсібінде болжалынған, бірақ таяу уақытта осы тәжірибені мұнай-газ, машина жасау және металлургия жобаларына тарату қажет. Бұл қазақстандық құраушылардың күрт өсуінен басқа осы немесе өзге өндірістердің дамуын болжауға, қажетті технологиялар трансфертін зерделеуге және жүзеге асыруға және меншікті жобалау мектебін құруға мүмкіндік береді.

#### **Инновациялық белсенділіктің елеусіз деңгейі. Инновациялық көшбасшылардың болмауы**

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша кәсіпорындардың инновациялық ортасы белсенділігінің деңгейі жоғары емес деңгейді құрады - 4,0% (2008 жыл). 2008 жылы инновациялық өнім көлемі 111,5 млрд. теңгені құрады, яғни өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің барлық көлемінің небәрі 3,3 %-ын құрайды.

Қазақстандық өнеркәсіптік кәсіпорын өз бетімен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) айналысуға ұмтылмайды және ҒЗТКЖ өнімдерін сатып алуға ақша салуға икемді емес. Статистикалық деректерге сәйкес соңғы жылдары Қазақстанда инновациялық белсенді кәсіпорындардың деңгейі ЕО елдеріндегіге қарағанда өте төмен, 3-4 % деңгейінде тербелісті.

1997 жылдан бастап 2008 жыл бойы кәсіпорындар шығындарының құрамындағы ғылыми-техникалық қызметтердің үлес салмағы 4,5 есе ұлғайды. Бұл ҒЗТКЖ өнімдеріне сұраныстың артуын куәландырады.

Бүгінгі күні елде инновациялық дамудың катализаторлары болуы мүмкін инновациялық көшбасшылар жоқ.

Шешу жолдары:

инновациялық дамытуды институционалдық негіздер құру және «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамын және «Ғылым қоры» акционерлік қоғамын ғылыми әзірлемелерді қолдау және коммерциализациялау саласында инновациялық белсенділігін арттыру, мемлекеттік қолдауын күшейту үшін технопарктердің инфрақұрылымын дамыту арқылы ынталандыру;

компаниялардың тіркелген ставкадағы ғылыми-техникалық өрлеуінің міндеттерін шешу үшін экономиканың дәстүрлі секторларымен алынатын компания табыстарынан жартысын тарату;

ҒЗТКЖ бойынша нәтижелерді енгізуге арналған шығыстардан корпоративтік табыс салығы бойынша салық салу базасын 150 %-ға қысқарту жолымен ҒЗТКЖ-ны дамытуды ынталандыру;

«инновациялық кәсіпорын» ұғымын енгізу және салықтық преференцияларды беру.

### **Нарықта сұранысқа ие тапсырыстар құрылымында ұзақ мерзімді тапсырыстарды жасаудың тұрақты тәжірибесінің болмауы. Кепілдендірілген ұзақ мерзімді тапсырысты ұсыну тәртібі**

«Индустриялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында мыналарды көздеу қажет:

Кепілдендірілген тапсырыс ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың отандық шығарылған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізуге бір жылдан астам мерзімге шарт жасасу жолымен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі ережелерге сәйкес Отандық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай тізіліміне енгізілген барлық әлеуетті отандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілер арасында тендер ұйымдастыру арқылы ұйымдастырылатын болады.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық жеткізушілермен кепілдендірілген тапсырыс шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірілген тауарлардың, көрсетілген жұмыстар мен қызметтердің шыққан елін растайтын олардың міндеттемесін көздеуі тиіс және міндеттемелерді орындамаған жағдайда бұзу туралы шартты қамтуы тиіс.

Отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер және оларды жеткізушілердің тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі.

### **Салалық министрліктер мен өңірлер деңгейінде қазақстандық қамтуды дамытудың жүйелік тәсілінің болмауы.**

#### **Қазақстандық қамту көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі**

Мемлекеттік бюджетті үш жылдық жоспарлау мемлекеттік сатып алу сұранысының негізгі үрдістерін болжауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бірақ, экономиканы кешенді дамыту үшін оның жеткіліксіз анық екені, бұл саланы дамытуды болжау үшін өте аз мерзім. Бұған қоса салалық министрліктер мен өңірлер деңгейінде қазақстандық қамтуды дамытуда жүйелік тәсіл және Қазақстандық қамту көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі жоқ.

Шешу жолдары:

орта мерзімдік (5 жыл) және қысқа мерзімдік (1 жылға) перспективаға арналған қазақстандық қамтуды дамытудың салалық және өңірлік жоспарларын әзірлеу;

орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар басшыларының жоспарлау нәтижелеріне қол жеткізу үшін дербес жауапкершілігі және мерзімдік есептілігі.

#### **Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық өндірушілерге сервистік және қаржылық қолдау көрсету**

#### **Жергілікті қамтуды дамытуды қолдауда нақты коммуникациялық жоспардың және отандық өндірушілерді**

#### **сервистік қолдау саясатының болмауы**

Кәсіпкерлер мен халықты отандық өндірістерге қол жеткізуді және маңызды оқиғаларды таныстыра отырып қазақстандық қамту саласындағы мемлекеттік саясат туралы хабардар ету қажет.

Шешу жолдары:

Осыған байланысты мынадай негізгі шараларға сүйенуі тиіс қазақстандық қамтудың өсуіне жәрдемдесу саясаты мен әдістерін жетілдіруі қажет:

ішкі нарықта жоғары сапалы бәсекеге қабілетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық өндірушілерді сервистік қолдау;

кәсіпкерлердің сұранысқа ие тауарлар мен қызметтер туралы ақпарат алуын арттыру мақсатында «Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізілімі», «Қазақстандық қамту» интернет-ресурсы» ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және одан әрі дамыту;

отандық өндірушілер мен әлеуетті тапсырыс берушілердің қатысуымен өткізілетін кездесулердің, форумдардың, мәжілістердің, көрмелердің, дөңгелек үстелдердің тиімділігін арттыру, білім беретін және насихаттау сипатындағы анықтамалық әдебиеттер мен брошюралар басып шығару.

Аталған шараларды жергілікті қамтуды дамытудың мемлекеттік саясаты операторы ретінде жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық ұйымға жүктеуді жүзеге асыру.

### **Қазақстандық қамтуды дамытуды қолдауға әзірленген нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру**

Қазақстандық қамтуды дамытуды қолдау шеңберінде заңнамалық база әзірленді, оның өз кезегінде кейбір істеліп бітпеген және қолдану қиындығы бар. Жүргізілген талдаудың нәтижесі бойынша өз шешімін қажет ететін мынадай мәселелер анықталды:

Қазақстандық қамтуды дамыту мәселесіне мемлекеттік көзқарасты талдау тұрақсыз сипатты көрсетеді, мысалы, осы мәселеге назар аудару дағдарыс кезінде күшейеді және шикізатқа жоғары баға кезеңінде нашарлайды. Нәтижесінде, осы мәселеде жүргізілген мемлекеттік саясат ұзақ мерзімді кезеңде өз тиімділігін жоғалтады.

Аталған мәселені шешу үшін қазақстандық қамтуды дамытудың тұрақты идеологиясын қалыптастыру тетігін, атап айтқанда бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен идеяларды насихаттау жолымен заңнамалық бекіту қажет.

Ауыл шаруашылығы өніміне және басым кәсіпорындардың өнімдеріне СТ-KZ нысанды тауардың шыққан жері туралы сертификатты сатып алу.

Осы мәселені шешу үшін беру тәртібін жеңілдету бөлігінде «Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 қазандағы № 1647 [қаулысын](#) қайта қарау қажет.

Қазақстандық қамту ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес қазақстандық қамтуды есептеу.

Есептеу дәлдігіне мердігерлік жұмыстардың барлық деңгейлерінде жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды есепке алу жолымен қол жеткізіледі. Бұдан басқа, формуланы іске асыру қиындығының деңгейі жұмыстар немесе қызметтер шарты бойынша жеткізу кезінде пайдаланылған қазақстанда жасалған тауарлардың құнын анықтау қажеттігі есебінен артады. Бұл факті сатып алуды жүзеге асыратын және жүргізілген сатып алулар туралы есепті Ұсынатын ұйымдардан қажетті ақпаратты жинау үдерісін қиындатады, бұл қазақстандық қамту бойынша статистикалық деректерде келеңсіз көрініс табады.

Осы мәселені шешу үшін есептеу әдістемесін одан әрі жетілдіру мақсатында «Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 964 [қаулысын](#) қайта қарау қажет.

Қазақстандық өндірушілер және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарларды өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдар өндіретін Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің заң жүзінде бекітілген бірыңғай тізілімінің болмауы.

Осы мәселені шешу үшін осындай Тізілімді бекіту мақсатында «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 [қаулысына](#) өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі;

Өнімді бөлу туралы келісімде бекітілген ерекше мәртебе мен заңнаманың тұрақтылық режимі уәкілетті мемлекеттік органға қайта өңдеу деңгейін арттыру және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуындағы қазақстандық қамтуды кеңейту жөніндегі саясатты тиімді жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Осы мәселені шешу мақсатында мыналарды:

заңнамалық деңгейде өткізілетін тендерлердің барынша ашықтығының қажеттілігін белгілеу;

шикізатты қайта өңдеу деңгейін арттыруды және тікелей қатысу арқылы қазақстандық қамтудың үлесін қамтамасыз ететін жаңа қайта өңдеуші және ілеспе өндірістер құруға бастамашы болу;

кәсіпорындардың тапсырыстарды жоғалтуын болдырмау шарттарын жасау рәсімдерін жеңілдету мақсатында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау тетігін пысықтау қажет.

Қазақстандық қамту бойынша пайыздық міндеттемелердің бұрын жасалған жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында болмауы.

Осы мәселені шешу мақсатында жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында қазақстандық қамтудың пайызын көрсете отырып, қосымша келісімге қол қою жөнінде жұмыс жүргізу қажет. Бұрын келісімшарттармен және оларға қосымша келісімдермен белгіленген жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелері тауарлардағы, жұмыстар мен қызметтердегі қазақстандық және кадрлардағы қамту бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін тиісті өзгерістерге сәйкес қайта қаралуы тиіс.

Концессияның үлгі шарттарында қазақстандық қамтуды дамыту бойынша концессионерлердің міндеттемелеріне қатысты нормалардың болмауы.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 27 шілдедегі Заңының [18](#) және [19-тармақтарына](#) сәйкес концессия шарты қазақстандық қамту бойынша, алдағы жылға арналған сатып алудың жылдық бағдарламасын ұсыну бойынша міндеттемелерді және сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

Осы мәселені шешу мақсатында «Экономиканың түрлі саласындағы (аясындағы) концессия үлгі шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 1326 [қаулысына](#) тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 366 [қаулысымен](#) бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы қазақстандық қамту мониторингіне жататын ұйымдарды қайта қарау қажеттілігі.

Осы мәселені шешу шеңберінде кәсіпорындарды іріктеудің бірыңғай әдістемесін бекіту және осы тізбені қайта қарау бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы қазақстандық қамту мониторингіне жататын ұйымдардың тізбесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 366 [қаулысына](#) тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, жер қойнауын пайдаланушылар және жүйе құраушы кәсіпорындар сатып алуында қазақстандық қамтудың анық үлесін анықтау.

Беріліп отырған есептілік қазақстандық қамту бойынша анық ақпаратты бұрмалайды, өйткені мониторинг субъектілері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді толық орындамайды.

Аталған мәселені шешу үшін мониторинг субъектілері ұсынатын ақпараттың дұрыстығы бөлігінде іріктеме бақылау тексеруін жүргізу қажет.

Қазақстандық қамту үлесін ұлғайту бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, сондай-ақ қазақстандық қамту бойынша анық емес ақпарат ұсынбағаны немесе ұсынғаны үшін мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар бірінші басшыларының дербес жауапкершілігінің болмауы.

Қазақстандық қамтуды дамытумен байланысты мәселелерді анағұрлым тиімді шешу мақсатында қазақстандық қамтуды дамыту саласындағы нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін, сондай-ақ қазақстандық қамту бойынша анық емес ақпарат ұсынбағаны немесе ұсынғаны үшін мониторинг субъектілерінің басшыларына дербес жауапкершілікті бекіту қажет.

### **Халықаралық ұйымдар ережелерінің шеңберінде жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі Қазақстанның мемлекеттік саясаты**

Әлемдік сауда жүйесінің эволюциясын қарастыру барысында мынадай қазіргі заманғы үрдіс анықталуда: халықаралық сауда анағұрлым либералдық болып қана қоймай, сонымен қатар мемлекетаралық (ұлттықтан жоғары) және де ұлттық деңгейде анағұрлым реттелетін (басқарылатын) де халықаралық сауда болып табылады. Бір жағдайларда бұл реттеу тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысын шектейді, басқаларында - оған ықпалдасады немесе белгілі түрде оны ұйымдастырады, тәртіпке келтіреді. Бірақ, реттелетін еркін сауда протекционизм тәрізді еркін нарық, еркін бәсекелестік тетігіне араласуын ұсынады және бұл қатынаста еркін саудаға оның классикалық түсінігімен қарсы тұрады. Сондықтан қазіргі заманғы кезеңде еркін туралы емес, ал реттелетін еркін сауда туралы айтқан дұрыс, бұл халықаралық экономикалық байланыстардың нақты нысанына анағұрлым сәйкес келеді, өйткені қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықта сыртқы сауда кедендік-тарифтік және негізінен тарифтік емес реттеу арқылы шаруашылық өмірдің анағұрлым реттелетін салалардың біріне жатқызылады.

Сондықтан Бағдарламада болжанған қолдау шаралары отандық өндірушілерге белгілі бір дайындық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігі шеңберінде еркін бәсеке жағдайына бейімделу мүмкіндігін беретінін назарға алу қажет. Сонымен қатар, мемлекет халықаралық ережелер мен тәжірибеге қайшы келмейтін тәсілдермен экономиканы индустриялық дамытуды қолдау саясатын жалғастырады.

Бұған байланысты әлемдік сауда жүйесіне кірігу үдерісі сауда саясатының негізгі мақсаты ретінде мына аспектілерді айқындайды:



елдің гүлденуіне қол жеткізу үшін әртараптандыруды, ашықтықты, тең құқықтықты және өзара табысты қамтамасыз ету;

сауданың анағұрлым бейтарап режиміне қол жеткізу;

елдің халықаралық сауда ұйымдарының толық мүшесі болу.

Қазақстандық қамтуды дамытуға бағытталған шаралар ішкі де, сыртқы да нарықтағы саланың бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін қажетті. Бұл ретте, мемлекеттің қорғауында тұрған кәсіпорын бұрынғы шаралардың қолданысы кезеңінде жаңа технологияларды енгізуге, менеджментті және т.б. жақсартуға тиіс.

Кәсіпорынды нығайтқан сәттен бастап, яғни оның қызметі ішкі нарық шетелдік өндірушімен бәсекелесуге дайын сәттен бастап, оның қызметі ішкі нарықтан импорттық өнімді шығару жолымен шетелдік өндірушімен бәсекелесуі мүмкін, ұсынылатын қолдау болмауы мүмкін.

Әрине, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының **Заңына** жергілікті қамту үлесін сақтау бойынша Қазақстанда жасалған тауарлар мен қызметтерді міндетті пайдалану туралы талаптар ДСҰ нормаларына қайшы келеді, атап айтқанда инвестициялық шаралар бойынша Келісім (ТРИМС) 1994 жылғы ГАТТ II және XI баптың шарттарына сәйкес келмейтін, инвестициялық шаралардың саудасымен байланысты пайдалануға тыйым салады (көрсетілген баптардың міндеттемелері ұлттық режим мен сандық шектеулерден жалпы бас тартуға қатысты).

Сонымен қатар, ДСҰ-ға қосылатын елдер жергілікті компоненттердің үлесі бойынша шетелдік инвесторларға қойылатын талаптарды жою бойынша көшпелі кезең ұсынылуы мүмкін. Мысал ретінде мына елдерді атауға болады: Аргентина, Колумбия, Малайзия, Мексика, Пәкістан, Румыния, Таиланд және Филиппины. Сондықтан заңнаманы ТРИМС бойынша ДСҰ Келісіміне сәйкес келтіру үшін қажетті көшпелі кезеңді белгілеу жүзеге асырылатын және қажетті міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің деректері бойынша Қазақстан үшін көшпелі кезеңді 2020 жылға дейін ұсыну жоспарланады. Бағдарлама 2010 - 2014 жылдар аралығында іске асырылады, сондықтан қазақстандық қамтуды дамыту бойынша барлық ұсынылатын шаралар ДСҰ-ға кіру жөніндегі жұмыс тобының талаптарына қайшы келмейтін болады.

Сондай-ақ, Бағдарламадағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі ұсынылатын шаралардың Кеден одағы шеңберінде жасалған келісімдерге қайшылығы байқалмайды. Өйткені кедендік заңнаманың түпкілікті үйлесуі 2017 жылы жоспарланады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері**

##### **Мақсаты**

Отандық бәсекеге қабілетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруді тұрақты дамыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ оларды ішкі нарыққа жылжыту.

##### **Нысаналы индикаторлар**

2014 жылы мыналарды сатып алудың жалпы көлемінде қазақстандық қамту үлесін ұлғайту күтілуде:  
жер қойнауын пайдаланушылар:  
тауарлар бойынша 16 %-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 85 %-ға дейін.

##### **Жер қойнауын пайдалану саласындағы қазақстандық қамтудың даму серпіні (%)**

	<b>2009 жыл</b>	<b>2010 жыл</b>	<b>2011 жыл</b>	<b>2012 жыл</b>	<b>2013 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Тауарлар	10,7	5,0	8,0	11,0	13,0	16,0
Жұмыстар мен қызметтер	78,4	79,7	81,1	82,4	83,7	85,0
Қазақстандық персонал:						
жоғары буын менеджерлері			30	40	60	70
орта буын менеджерлері, инженерлік-техникалық персонал және жұмысшы мамандар			60	70	80	90

мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар:

тауарлар бойынша 60 %-ға дейін;

жұмыстар мен қызметтер бойынша 90 %-ға дейін.



## Мемлекеттік сатып алуға қазақстандық қамтудың даму серпіні (%)

	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Тауарлар	52.0	50.0	53.0	55.0	58.0	60.0
Жұмыстар мен қызметтер	87.0	80.0	83.0	85.0	88.0	90.0

Ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингтер мен компаниялар:  
тауарлар бойынша 60 %-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 90 %-ға дейін.

## Ұлттық холдингтер мен компаниялардың сатып алуындағы қазақстандық қамтудың даму серпіні (%)

	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Тауарлар	63.0	51.0	53.0	55.0	57.0	60.0
Жұмыстар мен қызметтер	79.0	75.0	82.0	85.0	88.0	90.0

жүйе құраушы кәсіпорындарда:  
тауарлар бойынша 60 %-ға дейін;  
жұмыстар мен қызметтер бойынша 90 %-ға дейін.

## Жүйе құрушы кәсіпорындардың сатып алуындағы қазақстандық қамтудың даму серпіні (%)

	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Тауарлар	43,2	47.0	52,0	55,0	57,0	60.0
Жұмыстар мен қызметтер	82,1	83,7	85,3	86,8	88,4	90.0

## Негізгі міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері

Атауы	Өлш. бірлігі	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
<b>1-міндет.</b> Үш бағыт бойынша отандық өндірісті одан әрі дамыту жолдарын болжау: тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, жұмыс күші, инфрақұрылым						
Қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасын іске асыруды басқару моделін әзірлеу: стратегиялық тақырып бойынша басқарушы және атқарушы комитеттер, Бағдарламаға қатысушылар жарғысын бекіту, мақсаттар мен міндеттерді көрсете отырып, жұмыс жоспарын, нысаналы көрсеткіштерді, жұмыс үдерісін сипаттай отырып, жобаға қатысушылардың жарғысын бекіту; Бағдарламаны іске асыру жобасын әзірлеу, келісу және бекіту	Министрдің бұйрығы		1			
Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін ішкі нарықтың әлеуетті мүмкіндіктеріне талдамалық зерттеулер жүргізу	Талдамалық есеп		1	1	1	1
Жер қойнауын пайдалану және мүмкіндіктерді талдау жобалары бойынша ақпаратты жинақтау негізінде стратегиялық маңызды бағыттарды айқындау	Талдамалық есеп		1	1	1	1
«Мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің және жер	Талдамалық есеп		1	1	1	1

қойнауын пайдаланушылардың қызметін үйлестіру бойынша қызметтер» жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту серпінін талдау						
Жергілікті қамтуды дамытуды қолдауда заңнамасын талдау	Талдамалық есеп		1	1	1	1
Денсаулық сақтау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді талдау: Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану жобаларында және тауарлар мен қызметтер өндірісінде ДСКТ және ҚОҚ жоғары стандарттарды қолдау және дамыту жөнінде ұсыныстар	Талдамалық есеп			1	1	1
<b>2-міндет.</b> Қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісін, адами ресурстарды, инфрақұрылымдық жобаларды құру/дамыту бойынша жобаларды іске асыру						
Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жобаларын қолдау үшін жабдықтың технологиялық өндірісін дамытудың және Қазақстан Республикасында кен орындарын әзірлеудің, жобаларды іске асыру бойынша ұсыныстарды әзірлеудің басым бағыттарын айқындай отырып, салааралық ғылыми-технологиялық жоспарды дамыту	Талдамалық есеп		1	1	1	1
Жергілікті нарықта құру/дамыту үшін әлеуетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді айқындау	Талдамалық есеп		1	1	1	1
Қазақстанда өндірістерді құрудың орындылығы мен мүмкіндіктерін айқындау мақсатында ірі халықаралық сервистік компаниялармен талқылау үшін халықаралық форумдар мен миссияларды өткізу	Халықаралық форумдар мен миссияларды өткізу		7	7	7	7
Жер қойнауын пайдалану бойынша жобаларды қолдау үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру бойынша жобаларды әзірлеу және іске асыру	Ұсынымдар		1	1	1	1
Шағын және орта бизнес кәсіпорындарын одан әрі дамыту, оларды жер қойнауын пайдаланушыларға және сервистік компанияларға жеткізу тізбегіне енгізу, жеткізушілерді қаржыландыру схемасын талдау бойынша жобаларды іске асыру. Өңірлерде шағын және орта бизнесті дамыту бойынша бағдарламаны жасау, іске асыру, жер қойнауын пайдаланушыларға әлеуетті жеткізушілер туралы ақпаратты ұсыну	Жобалар мен бағдарламалар		3	6	12	16
Жер қойнауын пайдалануға жоспарланған сұранысқа негізделген, жоғары бәсекеге қабілеттілікпен қуаттылықты арттыру, орташа бәсекеге қабілеттілікпен өндірісті дамыту, жаңа өндірісті құру, оның ішінде БК арқылы шетелдік сервистік компанияларға ТЖҚ жергілікті өндірісті құруға жәрдемдесу	жоспар		1	1	1	1

бойынша бастамашылық жоспарын дайындау						
Жер қойнауын пайдалану жобаларын іске қосу кезегі мен Қазақстанның көші-қон саясатындағы үрдістерді ескере отырып, сапалы және санды жұмысшылар құрамын талдау	Талдамалық есеп		1	1	1	1
Өңірлер бойынша қажетті білім беру курстарын жоспарлау, қажетті қаржыландыруды есептеу, білім беру және ғылыми салаларда халықаралық ынтымақтастықты жақсартуға ықпалдасу: білім беру мекемелерін таңдау және білім беру бағдарламаларын құрылымдау	Курстар		4	4	4	4
Қазақстанда жер қойнауын пайдалану жобаларын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін қажетті мамандар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасын дамыту, өңірлер бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру	Бағдарламалар		1	1	1	1
Инженерлік-техникалық кадрлардың дайындау және біліктілігін көтеру жөніндегі озық салалық орталықтарды құру: - Батыс және Шығыс Қазақстан; - Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Қазақстан	Салалық орталықтар			2	2	
<b>3-міндет.</b> Жаңа өнімді игеру және енгізу тетіктерін құру арқылы қазақстандық қамтуды дамытудың мемлекеттік саясатын жүйелеу, жұмыс істейтін өндірістерді жаңғыртуға қатысу және отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету						
Қысқа мерзімді (1 жылға дейін) және орта мерзімді (5 жылға дейін) перспективаға арналған қазақстандық қамтуды дамытудың салалық және өңірлік жоспарларын әзірлеу және оларды уәкілетті органмен келісу	ҚҚ дамытудың салалық және өңірлік жоспарлары	Салалық министрліктер. Ұлттық холдингтер мен Ұлттық компаниялар, ЖАО				
Мемлекеттік және квазимемлекеттік салалардың жұмыс істеп тұрған және құрылатын кәсіпорындары базасында өнімдер мен қызметтердің жаңа түрлерін дайындау және енгізу бойынша тетіктер мен моделін әзірлеу	Министрдің бұйрығы		1			
Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жергілікті өндіруді дамыту үшін жұмыс істеп тұрғандары ішінен әлеуетті компанияларды айқындау	Талдамалық есеп		1	1	1	1
«Өнімділік-2020» бағдарламасы, СҒТЖ және мемлекеттік қолдауды ұсыну өлшемдері негізінде мониторингке сәйкес жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту жоспарын әзірлеу	Жаңғырту жоспары		15	25	35	45
Әлемдік әріптестердің қатысуымен салалық жобалық-консалтингтік компанияларды құру:	Жобалық-консалтингтік компаниялар			1		
Болашақ экономика салаларындағы мамандандырылған инновациялық корпорацияларды құру	Корпорацияларды құру					1
<b>4-міндет.</b> Отандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілерді сервистік және қаржылық қолдау көрсету						

«Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімі», «Қазақстандық қамту» Интернет-порталы» ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және одан әрі дамыту	Үкіметке ақпарат	1	1	1	1	1
«Қазақстандық қамту» Интернет-порталында «Бос орындар жәрмеңкесі» функционалын дамыту және шетелдік жұмыс күшін оны пайдалана отырып, тарту бойынша ұсынымдар әзірлеу	Порталда функционалды іске асыру		1	1	1	1
Қазақстандық қамтуды дамытудың коммуникациялық жоспарын қабылдау және іске асыру	Жоспар			1		
Қазақстандық қамтуды дамыту бойынша көрмелер, семинарлар, форумдар өткізу	Іс-шара		5	5	5	5
<b>5-міндет. Қазақстандық қамтуды дамыту үшін әзірленген нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру</b>						
3.1. Жаңа нормативтік-құқықтық актілер қабылдау, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Өзгертілген және толықтырылған нормативтік-құқықтық актілер	-	1	8	-	-

### Жауапты мемлекеттік және өзге де органдар

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономикалық даму және сауда министрлігі, Әділет министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Байланыс және ақпарат министрлігі, Мұнай және газ министрлігі, Статистика агенттігі, Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік), Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ, «Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы» АҚ, салалық қауымдастықтар, «ҚазЭнерджи» қауымдастығы, Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі қауымдастығы.

### 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Жер қойнауын пайдалану жобаларындағы қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасы төрт кезеңде, 2010 жылдан бастап 2014 жыл аралығында жүргізілетін болады:

Бірінші кезең - 2011 жыл:

ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Қазақстан қамтуды дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша басқару моделін келісу және бекіту, қатысушылардың құрамын ұйымдастыру (10 стратегиялық тақырып бойынша Басқарушы және Атқарушы комитеттердің, секторалдың комитеттердің мүшелерін, жұмыс үдерісін сипаттай отырып, Бағдарламаға қатысушылардың жарғысын, нысаналы көрсеткіштерді, мақсаттар мен міндеттерді көрсете отырып, жұмыс жоспарын бекіту);

Жер қойнауын пайдалану жобаларындағы тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сұраныстары мен ұсыныстарын талдау: жер қойнауын пайдаланудың ірі жобалары бойынша мәліметтерді талдау, (өндірісін қажетті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің игеру кестесін құру мақсатында жоспарланған мерзімдерді есепке ала отырып, үш негізгі бағыт бойынша: 1) тауарлар мен қызметтер; 2) кадрлар; 3) жобаларды қолдау инфрақұрылымы, нәтижесінде қажетті тауарлар мен қызметтерді, кадрларды және инфрақұрылымды айқындау;

қазақстандық нарықта жоқ тауарлар мен қызметтердің тізбесін, сондай-ақ жоғарыда айтылған мынадай үш бағыт: тауарлар мен қызметтер, кадрлар, және инфрақұрылым бойынша қолда бар ұсыныстардың сапасын зерделеу;

қазақстандық нарықты дамыту үшін басым тауарлар мен қызметтердің санаттарын бөлу;

Жаңаны құру, өндірістегі бар тауарлар мен қызметтерді дамыту, тауарлар мен қызметтердің өндірісі үшін қажетті ресурстарды, инфрақұрылымды жақсартумен байланысты мәселелерді шешу, қолданыстағы кәсіпорындарды жаңарту үшін қажетті іс-шараларды айқындау;

Жобаларды іске асырудың бастапқы кезеңі:

Қазақстанда жер қойнауын пайдалану жобаларын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін қажетті мамандар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасын дамыту;

қажетті инфрақұрылымды дамыту бойынша жобаларды ұйымдастыру;  
Заңнама жөніндегі секторалдық комитетте қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылау;

қысқа мерзімдік (1 жылға дейін) және орта мерзімді (5 жылға дейін) перспективаға арналған қазақстандық қамтуды дамытудың салалық және өңірлік жоспарларын әзірлеу және оларды уәкілетті органмен келісу;

мемлекеттік және квазимемлекеттік салалардың жұмыс істеп тұрған және құрылатын кәсіпорындары базасында өнімдер мен қызметтердің жаңа түрлерін дайындау және енгізу бойынша тетіктер мен моделдерді әзірлеу;

мониторингке сәйкес тауарлар мен қызметтердің жергілікті өндірісін дамыту үшін жұмыс істеп тұрғандары ішінен әлеуетті компанияларды айқындау.

Екінші кезең - 2012 жыл:

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қажетті өндірісті, қызметтерді дайындау және кадрлардың біліктілігін арттыру жоспарларын іске асыру;

шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру, оларды мұнай-газ және сервистік компанияларға жеткізу тізбегіне қосу;

жеткізушілерді қаржыландыру схемаларын жобалау;

«Өнімділік-2020» бағдарламасы, СҒТЖ және мемлекеттік қолдауды ұсыну өлшемдері негізінде мониторингке сәйкес жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту жоспарын әзірлеу.

Үшінші кезең - 2013 жыл:

тауарлар мен қызметтерді жеткізу сегменттерін толық талдау;

бәсекеге қабілеттілігін зерделеу, жеткізушілердің нормаларына, өнеркәсіптің халықаралық стандарттарына сәйкестігі;

басымдықтарды бөлу технологиялар мен инфрақұрылымға байланысты жеткізушілердің қажеттілігін айқындау;

әлемдік әріптестердің қатысуымен салалық жобалық-консалтингтік компанияларды құру.

Төртінші кезең - 2014 жыл:

жеткізушілердің өндірістік қуаттарына сәйкестігі бойынша стратегияны жоспарлау;

одан әрі индустриялық дамыту жоспарын жасау және іске асыру, технологияларды одан әрі дамыту;

болашақ экономика салаларындағы мамандандырылған инновациялық корпорацияларды құру.

## 6. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Бағдарламада санамаланған міндеттерді шешу үшін қарастырылып отырған кезең ішінде 2 845,6 млн. теңге талап етіледі:

(млн. теңге)

	Қаржы-экономикалық ресурстар	Материалдық-техникалық ресурстар	Еңбек ресурстары	Барлығы	Қаржыландыру көзі
2010 жыл	110,9	166	222,8	499,7	РБ
2011 жыл	326,9	115	240,0	681,9	РБ
2012 жыл	319,8	59,4	168,4	547,6	РБ
2013 жыл	319,8	59,4	168,4	547,6	РБ
2014 жыл	325,2	50,4	193,2	568,8	РБ
Барлығы				2845,6	

## 7. Қазақстан Республикасында қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімдері	Болжамды шығыстар (млн. теңге)						Қаржыландыру көздері	бюджеттік бағдарламаның №
					2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	Барлығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13



	стратегиялық маңызды бағыттарды айқындау		ҰӘҚ», ҚазЭнерджи, ШИКҚҚ									
4.	«Мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы тауарлармен қызметтерді жеткізушілердің және жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін үйлестіру бойынша қызметтер» жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстармен қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту серпінін талдау	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	МГМ, «МГӨБДБ» АҚ (келісім бойынша)	2011-2014 (жыл қорытындысы бойынша)	-	28 2,4	28 2,4	28 2,4	282,4 (РБ қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады)	1 129,6	РБ	001
5.	Жергілікті қамтуды дамытуды қолдауда заңнаманы талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ»	2011 жылғы IV тоқсан	-	-	-	-	-	-		
6.	Денсаулық сақтау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді талдау: Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану жобаларында және тауарлармен қызметтер өндірісінде	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, ЖАО, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ», «ҮІҚ» АҚ (келісім бойынша), «ИТГО» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2012 жылғы IV тоқсан	-	-	-	-	-	-		





	айқындай отырып, Салааралық ғылыми-технологиялық жоспарды дамыту		(келісім бойынша)									
9.	Жергілікті нарықта құру/дамыту үшін әлеуетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ», «ҰИҚ» АҚ (келісім бойынша), «ИТТО» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), «МГӨБДБ» АҚ (келісім бойынша) ҚазЭнерджи, ШИКҚ Қ	2011 жылғы IV тоқсан	-	-	-	-	-	-	-	-
10.	Қазақстанда өндірістерді құрудың орындылығы мен мүмкіндіктерін айқындау мақсатында ірі халықаралық сервистік компаниялармен талқылау үшін халықаралық форумдар мен миссияларды өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ», «ҰИҚ» АҚ келісім бойынша), «ИТТО» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), ҚазЭнерджи, ШИКҚ Қ	2011-2012 (жыл қорытындысы бойынша)	-	-	-	-	-	-	-	-
11.	Жер қойнауын пайдалану бойынша	Қазақстан Республикасының Үкіметіне	ИЖТМ, МГМ, «Самұрық-	2011-2012 (жыл қорыты	-	-	-	-	-	-	-	-





	халықаралық ынтымақтастықты жақсартуға жәрдемдесу: білім беру мекемелерін таңдау және білім беру бағдарламаларын құрылымдау		» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), ҚазЭнерджи, ШИКҚҚ										
16.	Қазақстанда жер қойнауын пайдалану жобаларын еңбек ресурстары мен қамтамасыз ету үшін қажетті мамандар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасын дамыту, өңірлер бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, БҒМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҰИҚ» АҚ (келісім бойынша), «ИТГО» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), ҚазЭнерджи, ШИКҚҚ	2012-2014 (жыл қорытындысы бойынша)	-	-	-	-	-	-	-	-	-
17.	Инженерлік-техникалық кадрлардың дайындау және біліктілігін көтеру жөніндегі озық салалық орталықтарды құру: -Батыс және Шығыс Қазақстан; - Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Қазақстан	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, БҒМ, ЖАО, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҰИҚ» АҚ (келісім бойынша), «ИТГО» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), ҚазЭнерджи, ШИКҚҚ	2011-2012 (жыл қорытындысы бойынша)	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<p><b>3-міндет.</b> Жаңа өнімді игеру және енгізу тетіктерін құру арқылы қазақстандық қамтуды дамытудың мемлекеттік саясатын жүйелеу, жұмыс істейтін өндірістерді жаңғыртуға қатысу және отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді</p>													



			отандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілер									
21.	Әлемдік әріптестердің қатысуымен салалық жобалық-консалтингтік компанияларды құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), ҚазЭнерджи, ШИКҚҚ	2012-2013 (жыл қорытындысы бойынша)	-	-	-	-	-	-	-	-
